

"Көмір" мемлекеттік холдинг компаниясын тарату туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 29 маусымдағы N 727 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы N 406 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406 Қаулысымен.

"Көмір" өнеркәсібін басқару жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 28 маусымдағы N 1773 U941773_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі "Көмір" мемлекеттік холдинг компаниясы өкілдерінің қатысуымен және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің келісуі бойынша тарату комиссиясын құрсын. Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі таратылатын "Көмір" компаниясының мүліктік құқықтары мен міндеттерінің заңды мұрагері болып табылады деп анықталсын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Көмір" мемлекеттік холдинг компаниясының құрамына енген көмір өнеркәсібі ғылыми-зерттеу орталықтарының, институттардың, мемлекеттік кәсіпорындары мен ұйымдарының бағыныстылығы туралы мәселені шешетін б о л с ы н .

3. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Көмір" мемлекеттік холдинг компаниясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 8 қазандағы N 1002 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ, 1993 ж., N 41, 478-бап);

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 23 сәуірдегі N 433 қаулысының 2-тармағы.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі